



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жайлы
Астана қаласы әкімдігінің №5 «Ақбота балабақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
ЕРЕЖЕСІ

1-тарау, Жалпы ережелер
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мақсаттары,
міндеттері және принциптері

1. Комплаенс-қызметі Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасына және ұйымның ішкі құжаттарына (бұдан әрі – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс -қызметі) сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырады.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жоніндегі комплаенс-қызметінің негізгі мақсаты Астана қаласы әкімдігінің №5 «Ақбота балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі-№5 «Ақбота балабақшасы») оның қызметкерлері Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасын талаптарды сактауды қамтамасыз ету болып табылады, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл шараларының орындалуын бакылауды жүзеге асырады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндеттері:

3.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыртқы нормативтік талаптар мен озық халықаралық тәжірибелін сакталуын қамтамасыз ету;

3.2 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қағидаттарының сакталуын қамтамасыз ету;

3.3 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

3.4. Заңға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жүйесін тиімді жүзеге асыру.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде келесі қағидаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

4.1 Ұйым басшылығының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

4.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

4.3 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың жиелілігі;

4.4 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің ақпараттық ашықтығы;

4.5 Ұйымда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

4.6 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

2-тaraу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі комплаенс қызметінің қызметін ұйымдастыру тәртібі

1. Комплаенс-қызмет күру туралы шешімді ұйымның басшысы қабылдайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы бұйрық ұйымның ресми интернет-ресурсында орналастырылады және ұйымның барлық қызметкерлеріне жеткізіледі.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі қызметкерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен міндеттері, оның лауазымдық нұсқаулықтарында немесе қызметкердің лауазымдық құқықтары мен міндеттерін айқындастырып өзге де құжаттарда айқындалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс- қызметіне келесі функцияларды беру ұсынылады:

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі саласындағы стандарттар мен саясаттарды әзірлеу және жаңарту;
- 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- 4) Мұдделер кактығысын анықтау, бакылау және шешу бойынша шаралар қабылдау;
- 5) Қызметкерлердің Занга сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сактауын қадағалау;
- 6) Корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;
- 7) Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сактауын бакылау;
- 8) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі Төрагасының 2016 жылғы 19 қазандагы №12 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- 9) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы акпаратты жария етуді қамтамасыз ету;
- 10) Сыбайлас жемқорлық немесе оларға катысу фактілері туралы өтініштер (шагымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу;
- 11) Ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендете жөніндегі жұмысты үйлестіру;
- 12) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі үәкілетті органға ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуге көмек көрсету;
- 13) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасында өзгерістерді талдау және бакылау;
- 14) Келісім-шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, іскерлік этика мен адалдықты, адаптацияның міндетті түрде сактауын қамтамасыз ету үшін азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу-сату шарттарына енгізуі қамтамасыз ету.

Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін сыйбайлас жемкорлықка карсы комплаенс-кызметіне келесі құқыктар мен міндеттерді беру ұсынылады:

- 1) Ұйымның ішкі құжаттарымен реттелетін бекітілген рәсімдер шенберінде құрылымдық болімшелерден, оның ішінде коммерциялық және кызметтік құпияны құрайтын мәліметтер мен материалдарды сұратуға және алуға;
- 2) Басшының немесе сыйбайлас жемкорлықка карсы комплаенс-кызметі есеп беретін басқа тұлғаның (органның) карауына өз құзыретіндегі мәселелерді енгізуге бастамашылық жасауға;
- 3) Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзуышылқтар ықтималы мүмкіндігі немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлықка карсы курес туралы заңнамасын бұзу туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексеру жүргізуге бастамашылық етуге;
- 4) Өз құзыреті шегінде мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік- құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды іске асыруға қатысуға;
- 5) Өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер ұйымдастырады және откізеді;
- 6) Сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-кызметінің функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған субъект туралы ақпараттың, инсайдерлік ақпараттың құпиялышының сактауға;
- 7) Сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс мәселелері бойынша рәсімдер мен басқа да ішкі саясатпен корпоративтік әдеп кодексінің бұзылуы, сыйбайлас жемқорлықтың накты немесе болжамды фактілері бойынша комплаенс қызметке жүгінген тұлғалардың құпиялышының сактауды қамтамасыз етуге;
- 8) Сыйбайлас жемқорлыққа карсы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы басшыға жедел хабарлауға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

Сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс қызметтіне ақпараттық арналар құру (мысалы, сенім телефоны немесе «жедел желі») ұсынылады, ол арқылы азаматтар сыйбайлас жемқорлыққа карсы заңнаманы бұзудың болуы немесе сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл шараларының тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізе алады. Сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс қызметтінің қызметкері мұдделер қақтығысына (каржылық, мүліктік, отбасылық немесе оқиғаға қатысты кез келген басқа да мұдделерге) әкелуі мүмкін іс-шараларға (тексерулерге, қызметтік тергеулерге және т.б.) қатыспауды тиіс.

Сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс қызмет ұйымның қызметкерлерін жұмысқа қабылданған кезден бастап, басқа лауазымға тағайындалған кезде, сондай-ақ біліктілігін арттыру кезінде (жылына кемінде бір рет) сыйбайлас жемқорлыққа карсы заңнаманың талаптарына жүйелі оқытуды қамтамасыз етуі тиіс.

Оқыту нысандарын, өткізу әдістерін сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс қызметі (дәрістер, семинарлар, тренингтер) дербес анықтайды.

Сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс қызметтінің саласындағы талаптарды сактау, қызметтерін әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуді сыйбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумактық болімшелері жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің қызметіне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша қабылданған шаралар туралы есеп беру үсінүлады:

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің қызметі есеп беретін тұлғага (органға), сондай-ақ үйымның басшысына тоқсан сайын жіберуге;
- 2) Жыл сайын есепті кезеңиен кейінгі айдың 10-күніне дейін квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етеді.

Үйымга сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы контрагенттерді, іскерлік серіктестерді, азаматтық қоғам институттарын үнемі хабардар ету үсінүлады.